



Ғылыми мақала / Scientific article
ХҒТАР / IRSTI 11.04.00



<https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-22-43>

TRANSFORMATION OF CONSCIOUSNESS AND CHANGE OF PUBLIC POSITIONS IN THE CONTEXT OF DIGITALIZATION

Gulzhikhan NURYSHEVA^a , Assiya AKKULIYEVA^a  

^a*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

 asiya151725@gmail.com

Abstract. Rapid technological changes in the digital age are having a significant impact on values in human consciousness and society. This article analyzes the transformation of consciousness and the change in public positions in the context of digitalization from a philosophical and social point of view. Relevance of the study: in the modern Information Society, the structure of human consciousness, worldview and ethical principles face unprecedented challenges and opportunities, and it is necessary to look for ways to solve them. The purpose of the article is a comprehensive study of how the phenomenon of consciousness changes in the digital space and its impact on the system of Public Relations, morality, values. In the course of the study, the conclusions of classical and modern philosophers (Ryle, Wittgenstein, Chalmers, Churchland, Grof, Dennett, Searle, etc.) were analyzed and compared in the context of modern digital culture. The main methods are philosophical conceptual analysis, Literary Review and theoretical comparison of social phenomena. As a result of the study, it was found that consciousness has acquired an extended character, part of human cognitive processes is occupied by external devices; in the age of the internet, the concepts of moral responsibility and freedom have also acquired a new meaning.

Keywords: transformation of consciousness; digitalization; public principles; Digital Culture; Philosophy; social change; ethics; expanded consciousness; artificial intelligence; Kazakhstan

For citation:

Nurysheva G., Akkuliyeveva A. Transformation of consciousness and change of public positions in the context of digitalization // *Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies*. – 2025. – Vol. 153. – No. 4. – P. 22-43. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-22-43>

САНАНЫҢ ТРАНСФОРМАЦИЯСЫ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚОҒАМДЫҚ ҰСТАНЫМДАРДЫҢ ӨЗГЕРУІ

Гүлжихан НҰРЫШЕВА^а, Асия АККУЛИЕВА^а

^аӘл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

ТРАНСФОРМАЦИЯ СОЗНАНИЯ И ИЗМЕНЕНИЕ ОБЩЕСТВЕННЫХ ПОЗИЦИЙ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ

Гүлжихан НУРЫШЕВА^а, Асия АККУЛИЕВА^а

^аКазахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Аңдатпа. Цифрлық дәуірдегі жедел технологиялық өзгерістер адам санасы мен қоғамындағы құндылықтарға айтарлықтай ықпал етуде. Бұл мақалада сананың трансформациясы және цифрландыру жағдайындағы қоғамдық ұстанымдардың өзгеруі философиялық-әлеуметтік тұрғыдан талданады. Зерттеудің өзектілігі: қазіргі ақпараттық қоғамда адам сана-сезімінің құрылымы, дүниетанымы мен этикалық ұстанымдары бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен мүмкіндіктерге кезігіп отыр және оларды шешудің жолдарын іздестіру қажет. Мақаланың мақсаты – сана феноменінің цифрлық кеңістікте қалай өзгеретінін және оның қоғамдық қарым-қатынас, мораль, құндылықтар жүйесіне әсерін жан-жақты зерделеу. Зерттеу барысында классикалық және заманауи философтардың (Райл, Витгенштейн, Чалмерс, Черчленд, Гроф, Деннетт, Сёрл және т.б.) тұжырымдары талданып, олар қазіргі цифрлық мәдениет контекстінде салыстырылды. Негізгі әдістер – философиялық концептуалдық талдау, әдеби шолу және әлеуметтік құбылыстарды теориялық салыстыру. Зерттеу нәтижесінде сананың кеңейтілген сипатқа ие болып, адамның когнитивтік үдерістерінің бір бөлігін сыртқы құрылғылар атқарып отырғаны анықталды; интернет дәуірінде моральдық жауапкершілік пен еркіндік түсініктері де жаңаша мәнге ие болды.

Түйін сөздер: сананың трансформациясы; цифрландыру; қоғамдық ұстанымдар; цифрлық мәдениет; философия; әлеуметтік өзгеріс; этика; кеңейтілген сана; жасанды интеллект; Қазақстан

Аннотация. Быстрые технологические изменения в эпоху цифровых технологий оказывают значительное влияние на ценности человеческого сознания и общества. В данной статье анализируется трансформация сознания и изменение общественных позиций в условиях цифровизации с философско-социальной точки зрения. Актуальность исследования: в современном информационном обществе структура, мировоззрение и этические позиции человеческого сознания сталкиваются с беспрецедентными вызовами и возможностями, и необходимо искать пути их решения. Цель статьи-всестороннее изучение того, как меняется феномен сознания в цифровом пространстве и его влияние на систему общественных отношений, морали, ценностей. В ходе исследования были проанализированы выводы классических и современных философов (Райл, Витгенштейн, Чалмерс, Черчленд, Гроф, Деннетт, Сёрл и др.), которые были сопоставлены в контексте современной цифровой культуры. Основными методами являются философский концептуальный анализ, литературный обзор и теоретическое сравнение социальных явлений. В результате исследования установлено, что сознание приобретает расширенный характер, часть когнитивных процессов человека выполняют внешние устройства; в эпоху интернета понятия моральной ответственности и свободы также приобрели новое значение.

Ключевые слова: трансформация сознания; цифровизация; общественные позиции; цифровая культура; философия; социальные изменения; этика; расширенное сознание; искусственный интеллект; Казахстан

Сілтеме жасау үшін:

Нұрышева Г., Аккулиева А. Сананың трансформациясы және цифрландыру жағдайындағы қоғамдық ұстанымдардың өзгеруі // Jete – Journal of Philosophy, Religious and Cultural Studies. – 2025. – Vol. 153 – No. 4. – 22-43. бб. <https://doi.org/10.32523/3080-1281-2025-153-4-22-43>

Кіріспе

Қазіргі дәуірдегі цифрлық прогресс адам өмірінің барлық саласына әсер етіп, бұрынғы түсініктерді түбірімен өзгерте бастады. Цифрлық технологиялар тек құрал ғана емес, олар адам санасының қалыптасу жолдарын қайта қарастыруға мәжбүрлейді. Сананың трансформациясы деп адамның ойлау, түйсіну және өзіндік рефлексия қабілеттерінің жаңа жағдайда бейімделуін айтамыз. Цифрландыру жағдайында сана бұрынғыдан кеңейіп, бір жағынан бұрын қолжетімсіз мәліметтер мен байланыстарға ие болса, екінші жағынан жаңа тәуелділіктер мен сынақтарға тап болады. ХХІ ғасырдың цифрландыру дәуірі тек технологиялық үдерістермен шектелмей, адам санасы мен қоғамдық құндылықтардың терең әрі көпқырлы трансформациялануына негіз болып отыр. Сананың өзі эволюцияның жаңа сатысына – «цифрлық сана» дәуіріне – қадам басты, бұл құбылыс мол әрі жылдам ақпарат ағындарымен жұмыс істей алу және көпқырлы әлеуметтік рөлдерді қатар атқару қабілетімен ерекшеленеді. Мұндай жағдайда сыртқы дәстүрлі орта, құндылықтар мен нормалардың бағыттаушы рөлі әлсіреп, жеке тұлғаның ішкі жауапкершілігі мен этикалық түйсігінің маңызы арта түсті. Мұның үстіне, ғаламдық цифрлық желілер мәдениеттерді бұрын-соңды болмаған дәрежеде жақындастырып, қоғамдардың құндылықтық негіздеріне өзгерістер енгізді. Жеке адамнан бастап, ұйымдар мен тұтас қоғамның өмір сүру салты, еңбек ету және коммуникация жасау тәсілдері түбегейлі түрленіп келеді. Жалпы, сананың трансформациясы мәселесі философияда бұрын да қарастырылды. Мәселен, философ Гилберт Райл сана мен тән дуализмін сынға алды, Людвиг Витгенштейн тіл мен сананың өзара байланысын талдады; Дэвид Чалмерс сананың «қиын мәселесін» алға тартты, ал Станислав Гроф сананың өзгерген күйлерін зерттеу арқылы оның мүмкіндіктерінің шекарасын кеңейту қажеттігін көрсетті. Сонымен бірге, цифрлық технологиялардың қарқынды дамуы этика, қоғамдық құндылықтар мен мінез-құлық нормаларын қайта қарауға мәжбүрлеуде – жеке өмірдің құпиялылығы, ақпараттық қауіпсіздік пен әлеуметтік жауапкершілік мәселелері аса маңызды сипатқа ие болды. Бұл өзгерістер қоғамға орасан мүмкіндіктермен қатар күрделі этикалық сын-қатерлер де алып келді. Қазақстан қоғамы да бұл үдерістен тыс қалған жоқ: мемлекеттік «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы қарқынды іске асырылып, цифрландыру арқылы қоғамдық сана мен ұстанымдардың жаңғыруына ықпал ете бастады. Осы мақалада сана трансформациясының философиялық тұғырлары, цифрлық технологиялардың қоғамдық құндылықтар мен этикаға әсері, сондай-ақ Қазақстандағы қоғамдық ұстанымдардың өзгеру ерекшеліктері жан-жақты талданды.

Әдіснама, әдістер мен материалдар

Зерттеу жұмысында теориялық талдау және әдебиетке шолу негізгі әдіс ретінде қолданылды. Мақаланың теориялық материалдарының негізі – философия тарихындағы және қазіргі заманғы еңбектер: оны жазу барысында Г. Райл, Л. Витгенштейн, Д. Чалмерс, П. Черчленд, С. Гроф, Д. Деннетт, Дж. Сёрл сынды ойшылдардың басты жұмыстары мен

идеялары қарастырылды. Аталған авторлардың еңбектерінен алынған дәйексөздер мен тұжырымдар мақалада талданып, оларға тиісті ғылыми әдебиеттерге сілтемелер жасалды. Сондай-ақ, мәдениеттану және әлеуметтану бағытындағы дереккөздер пайдаланылды: цифрлық қоғамның қазіргі көрінісін сипаттайтын статистикалық мәліметтер, есептер мен талдамалық мақалалар қарастырылды. Мысалы, интернетті қолданушылардың коммуникация тәсілдерін, әлеуметтік желілердегі белсенділігін сипаттайтын сандық көрсеткіштер зерттеудің теориялық материалдарының бір бөлігін құрады. Бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған заманауи оқиғалар (Қазақстанда әлеуметтік желі арқылы жалған ақпараттың таралуы, цифрландыру саясатының іске асуы туралы жаңалықтар, халықаралық тенденциялар) нақты кейс ретінде талдауға енгізілді.

Негізгі әдістер – салыстыру, жалпылау және мазмұндық талдау. Философтардың классикалық мәтіндерін талдау барысында герменевтикалық әдіс те қолданылып, олардың идеялары қазіргі жағдайға интерпретацияланды. Ал заманауи деректерді талдау үшін индуктивті логика пайдаланылып, жеке фактілер негізінде жалпы тенденциялар шығарылды. Зерттеу материалы ретінде шетелдік және отандық ғылыми басылымдардағы мақалалар, интернет-ресурстардағы сараптамалық шолулар алынды (мысалы, Noam Chomsky медиа теориясының қазіргі цифрлық ландшафтта өзектілігі туралы есеп, Қазақстанның цифрландыру жетістіктері жөніндегі БҰҰ сарапшысының сұхбаты және т.б.). Осы материалдардағы мәліметтер фактілік иллюстрациялар ретінде мақаланың талқылау және нәтижелер бөлімдерінде келтірілді. Зерттеудің эмпирикалық емес, теориялық сипатта екендігін атап өту керек, алайда теориялық тұжырымдарды нақтылау үшін өмірден алынған мысалдар мен статистика деректері пайдаланылды.

Талқылау

Сананың өзгеру заңдылықтарын түсіну – қазіргі қоғамда құндылықтар жүйесінің трансформациясын, жеке тұлғаның өзін-өзі тануы мен моральдық жауапкершілігін дұрыс бағытта дамыту үшін аса маңызды. Сондықтан бұл құбылысты философиялық және әлеуметтік тұрғыда зерттеу – заман талабы. Адам санасының табиғатын түсіндіру философия тарихында маңызды орын алады. XX ғасырдың орта шенінде британ ойшылы Гилберт Райл дәстүрлі картезиандық дуализмді сынға алып, ақыл мен тәнді бөлек қарастырудың қате екенін дәлелдеді. Райл енгізген атақты метафора – «машина ішіндегі елес» – сананы тәннен бөлек, материядан тыс дербес субстанция деп қарастырудың бұрыс екенін көрсетеді. Райлдың пайымдауынша, сана мистикалық жеке зат емес, ол – адамның жүріс-тұрысы мен мінез-құлқында көрініс табатын қасиеттер жиынтығы; яғни сана тек миға немесе жанға тән оқшау мән емес, ол біздің әрекеттеріміз арқылы білінетін үрдіс (Ryle, 1949). Бұл тұжырым сананы материалистік тұрғыда ұғынуға жол ашып, кейін когнитивтік ғылым дамуының негізіне айналды. Адамның ойлау процесін есептеуіш машина ретінде модельдеуге болатыны жөніндегі идеялар дәл осындай дуализмді еңсеру нәтижесінде пайда болды. Райлдың көзқарасы қазіргі цифрлық дәуірде де маңызды, себебі сананы бағдарламалап, жасанды интеллект жасау талпыныстары оның «сананың табиғаты – әрекетте» деген тұжырымымен үйлесім табады.

Философияның тағы бір бағыты – тіл арқылы сананы түсіндіру. Людвиг Витгенштейн өзінің кейінгі кезеңіндегі еңбектерінде тілдің мағынасын күнделікті қолданымдағы «тілдік ойындар» арқылы сипаттады. Ол «Тіл қолдану – белгілі бір іс-әрекеттің бөлігі» деп атап көрсеткен еді (Wittgenstein, 1953). Демек, адамның санасы тек ми ішінде жүзеге асатын құбылыс емес, оның ойлары мен эмоциялары тіл арқылы әлеуметтік контексте мән алады. Мағына жеке адамға тән нәрсе емес, ол ортақ тілдік нормалар мен қоғамдық тәжірибеге негізделеді. Мысалы, эмоцияны сөзбен жеткізу үшін сол ұғым қоғамда ортақ түсіністікке ие болуы керек – әйтпесе коммуникация жүзеге аспайды. Витгенштейннің бұл идеяларын цифрлық коммуникация дәуірінде айқын көруге болады. Бетпе-бет әңгімедегі ымдау, дауыс ырғағы секілді бейвербал сигналдар интернеттегі мәтіндік хабарламаларда жоқтың қасы, сол себепті онлайн жазбаларда түсініспеушіліктер жиі туындауы мүмкін. Бұл мәселені шешу үшін интернет қолданушылары смайлик, эмотикондар мен сленг тәрізді жаңа амалдарды ойлап тапты. Витгенштейн терминологиясымен айтқанда, бұлар – жаңа цифрлық «тілдік ойындардың» элементтері. Осылайша, цифрлық мәдениет адамның тілдік-саналық дағдыларын түрлендіріп, коммуникацияның жаңа нормаларын қалыптастырды.

Сананың трансформациясын түсіну үшін бізге тіл мен қоғамның өзара байланысын ескеру қажет: интернет форумы немесе әлеуметтік желідегі қарым-қатынас – белгілі бір қауымның ортақ ойын ережесіне айналған жаңа тілдік орта (APA Blog, 2018). Заманауи философтар сананың кеңею мүмкіндіктерін де қарастырады. 1990 жылдары Энди Кларк пен Дэвид Чалмерс ұсынған «кеңейтілген сана» (extended mind) теориясы бойынша сананың шекарасы тек мимен шектелмейді – сыртқы құралдар біздің ойлау процесіміздің бөлігіне айнала алады (Clark & Chalmers, 1998). Мәселен, адам маңызды ақпаратты жазып алу үшін қойын дәптерін пайдаланса, немесе қазіргі заманда смартфонның жадын қолданса – сол сыртқы құрал оның санасының бір бөлшегі рөлін атқарады. Кларк пен Чалмерс атақты мысал ретінде Альцгеймер дертіне шалдыққан Отто деген науқасты келтіреді: Отто маңызды мәліметтердің барлығын дәптеріне түртіп жүреді, яғни дәптер Оттоның есте сақтау қызметін атқарып, миының сыртқы бөлігіне айналғандай болады. Бүгінде әрқайсымыздың қолымыздан түспейтін смартфон дәл сол дәптерден де қуатты «кеңейтілген сана» құралына айналды. Жаңалық немесе деректі есте сақтамай, дереу интернеттен іздеу, мекенжайды жаттамай, GPS навигациясын пайдалану – когнитивтік жүктеменің бір бөлігін сыртқы цифрлық ортаға тапсыру деген сөз. Қазіргі адам санасы осылай біршама «киборгтік» сипатқа ие болды: жадымыз, зейініміз бен ойлауымыз ақпараттық технологияларға сүйеніп кеңейе түсті. Бұл өзгеріс сананың мүмкіндіктерін арттырғанымен, оның мәні мен дербестігі туралы жаңа сұрақтар туындатады.

Цифрлық кеңістіктің шынайылығы жөнінде де философиялық пікірталастар бар. Дэвид Чалмерс өзінің жақында шыққан Reality+ кітабында виртуалды әлемдерді толыққанды шындықтың бір түрі деп тануды ұсынады (Chalmers, 2022). Оның көзқарасы бойынша, цифрлық орта – адам өмірінің ажырамас бөлшегі; тіпті физикалық әлемнің өзін белгілі бір тұрғыда ақпараттық құрылым деуге болады. Шынында да, миллиондаған адамдар уақытының басым бөлігін виртуалды кеңістікте – әлеуметтік желіде, онлайн ойындарда, VR (виртуалды шындық) құрылғыларында – өткізіп, сол ортада эмоцияларын, қарым-қатынасын, шығармашылығын жүзеге асырады. Чалмерстің пайымдауынша, дұрыс ұйымдастырылған виртуалды әлемде адамның саналық тәжірибесінің бүкіл спектрі

болуы мүмкін: қуаныш пен қайғы, мағына мен маңыздылық сезімдері цифрлық ортада да туындай алады (Chalmers, 2022).

Бұл оптимистік тұжырым бізді цифрлық мәдениетті біржақты утопия немесе дистопия деп бағалаудан сақтандырады. Виртуалды қоғамның мүмкіндіктері зор болғанымен, қауіптері де бар: Чалмерс ірі технологиялық корпорациялар жасанды әлемдерді бақылауға алып, бүкіл виртуалды инфрақұрылымды коммерциялық мүддеге пайдаланса, адамдардың еркіндігі шектелуі мүмкін деп ескертеді. Сол себепті виртуалды өмір мен физикалық өмірдің байланысын, ондағы құндылықтарды философиялық тұрғыда түсіну өте маңызды.

Адам санасының трансформациясын тек рационалистік, ғылыми тұрғыда ғана емес, рухани-философиялық қырынан да қарастырған зерттеушілер бар. Мысалы, трансперсоналдық психологияның негізін салушылардың бірі Станислав Гроф сана мүмкіндіктерін кеңейтудің дәстүрлі ғылыми парадигмадан тыс жолдарын зерттеген. Грофтың пікірі бойынша, адам санасы қалыпты жай-күйінен шығып, кеңістік пен уақыт шектеулерінен асып түсетін қабілетке ие. Ол LSD психотерапиясы, холотропты тыныс алу сеанстары арқылы индивид бейсанасының терең қабаттарын ашып, өзгерген күйдегі сана феноменін көрсеткен (Grof, 1992). Грофтың тұжырымдарына сай, қазіргі жаһандық дағдарыстардан шығу үшін тек сыртқы технологиялық инновациялар жеткіліксіз – әрбір адам санасын ішкі рухани трансформация арқылы жаңа деңгейге көтеруі тиіс. Ғалым «Батыстың механистік парадигмасы туындатқан жалпы дағдарыстан шығудың жалғыз үміті – радикалды ішкі өзгеріс, сананы эволюцияның жаңа деңгейге көтеру» деп жазады (Grof, 1992). Бұл идея цифрландыру дәуірінде де өзекті: технология қаншалық дамыса да, егер адамның рухани-адамгершілік санасы өспесе, қоғам үйлесімі орнамайды. Сананы трансформациялау дегеніміз – гаджет санын көбейту ғана емес, сонымен бірге адамзаттың сана-сезімін, дүниетанымын ізгілендіру. Гроф атап көрсеткен «ішкі революция» жүзеге аспайынша, сыртқы цифрлық құралдар қоғам игілігіне толық қызмет ете алмайды. Сондықтан цифрлық заман адамның шексіз саналық потенциалы туралы ұмытпай, технология мен гуманизмді үйлестіре білуді талап етеді.

Жоғарыда келтірілгендей, сананың цифрлық заманға бейімделуін әртүрлі философтар түрліше түсіндіреді. Материалистік және функционалистік бағыттағы ойшылдар сана толықтай табиғи құбылыс деп санап, оны технология көмегімен модельдеуге болатынын көрсетсе (Ryle, 1949; Dennett, 2017), трансценденттік бағыттың өкілдері санада материядан тыс өлшем бар деп есептейді (Grof, 1992). Осы теоретикалық айырмашылықтар цифрлық дәуірде айқын көрінеді. Бір жағынан, цифрландыру Райлдың ұстанымын қолдағандай: адами сана алгоритмдерге түсіп, жасанды интеллект жасау әрекеттері табысты өрбуде. Мысалы, нейрожелілер көптеген когнитивтік тапсырмаларды (көру, шешім қабылдау, тілдік жауап беру) орындауда, бұл – сананы есептеуші жүйе ретінде модельдеудің бір көрінісі. Екінші жағынан, Гроф атап көрсеткен ішкі сана кеңістіктері назардан тыс қалып қоя ма деген сұрақ туындайды. Технология адам миының белгілі бір функцияларын атқара алғанымен, сананың шығармашылық, интуитивті, рухани қырларын толық қамти ала ма? Бұл – ашық сұрақ. Цифрлық дәуір осы екі көзқарасты тәжірибе арқылы салыстыруға мүмкіндік беріп отыр: бір жағынан, нейробиология мен жасанды интеллект адам санасының көптеген қырларын түсіндіруде; екінші жағынан, адамның субъективті тәжірибесінің терең қабаттары ғылымға оңай бой

бермей, құпия күйінде қалып отыр. Сондықтан сананың трансформациясын жан-жақты түсіну үшін рационалистік және трансценденттік ұстанымдарды үйлестіре талдау қажет.

Сананың өзгеруімен бірге қоғамдағы ерік бостандығы мен жауапкершілік туралы түсініктер де өзгеріске ұшырайды. Мораль философиясында адам саналы таңдау жасай алатын еркін агент пе, әлде қатаң детерминистік жүйенің бір бөлшегі ме деген сұрақ ежелден талқыланып келеді. Классикалық көзқарас бойынша, адамның «ерік еркіндігі» бар, сондықтан ол іс-әрекеттері үшін моральдық жауап береді. Алайда, XX ғасырда Г. Райл сияқты философтар бұл дәстүрлі ұғымды қайта қарастырды. Райл еркін ерік туралы дауларды «жалған мәселелердің шиеленісі» деп атап, «еркін таңдау» дегеніміз мистикалық құбылыс емес, тек адамның ісі үшін мақтау немесе жазғыру қажеттігін көрсететін әлеуметтік тәжірибе деп түсіндірді (Ryle, 1949). Яғни, Райл үшін еркіндік – физикалық тұрғыда шексіз таңдау мүмкіндігі емес, қоғамның адамға артатын жауапкершілігінің көрсеткіші. Райл «ерік», «ниет» сияқты ұғымдарды флогистон немесе алхимиядағы жалған тұжырымдар тәрізді ғылыми түсінікке сай келмейді деп есептеген. Оның шәкірті, қазіргі танымал философ Дэниел Деннетт те ерік еркіндігін толығымен жоққа шығармай, оған жаңа мазмұн береді: Деннеттің айтуынша, детерминистік ғаламда да мағынасы бар «қалауымызға лайық еркіндік» ұғымы сақталуы тиіс, өйткені қоғамдағы жауапкершілік пен моральдық тәртіп үшін бұл қажет (Dennett, 2017). Деннетт адамның бостандығы оның рационалдық пайымына және этикалық таңдауды икемді жасау қабілетіне байланысты дейді. Ғалымның пікірінше, біз толық себеп-салдар заңдылықтарына бағынғанымызбен, нағыз еркіндіктің өлшемі – өз ісіміздің салдарын түсініп, дұрыс пен бұрысты таразылай алу (Dennett, 2017).

Материалистік философиядағы тағы бір ерекше бағыт – элиминациялық материализм, оны қолдаушы ғалымдар Пол және Патрисия Черчлендтер. Бұл бағыт бойынша, дәстүрлі психологиядағы «сенім», «тілек», «ниет» секілді ұғымдар ерте ме, кеш пе толық ғылыми терминдермен алмастырылады; яғни адамның сана-сезімін түсіндіруде фольклорлық ұғымдар артық болады. П. Черчленд соңғы зерттеулерінде адам миында моральдың, ұят пен эмпатияның пайда болу тетіктерін нейробиологиялық негізде түсіндіруге тырысты (Churchland, 2019). Мәселен, ана мен баланың арасындағы байланыс окситоцин гормоны арқылы күшейіп, сол арқылы қамқорлық сезімі туындайтыны, ал уақыт өте келе бұл механизм жақын туыстар мен жалпы қауымға кеңейіп, ақырында адамзаттың ар-ождан ұғымын қалыптастыратыны көрсетіледі (Churchland, 2019). Осы тұрғыдан, моральдық түйсіктер – эволюция барысында пайдалы болған әлеуметтік мінез-құлықтың биологиялық бекіген көрінісі ғана. Черчлендтің тұжырымынша, «ар-ождан дегеніміз абсолютті ақиқаттар жиынтығы емес, ол – қоғам өміршеңдігіне сеп болған жүріс-тұрыс нормаларының жиынтығы ғана; миымыз сол нормаларды орындағанда марапат (рахат сезімі), бұзғанда жаза (күйзеліс) сигналдарын береді». Бұл нейроретикалық көзқарас бойынша моральдық жауапкершілік те биологиялық және әлеуметтік феноменнің қосындысы: эволюция бізді ортақ ережелерді ұстанғанда жақсы сезінетін, бұзғанда жаман сезінетін етіп «бағдарламалаған» (Vox, 2019). Осылайша, адам санасы мен ерік бостандығын түсіндіруде жаңа ғылыми пайымдар пайда болды.

Цифрлық дәуірде еркіндік пен жауапкершілік мәселесі бұрынғыдан да күрделі тартыс алаңына айналды. Интернет пен ақпараттық технологиялар адам әрекеттерін жеңілдетіп, жаңа мүмкіндік берумен бірге, жауапкершілікті бұлыңғырлататын

жағдайлар туғызады. Біріншіден, онлайн кеңістіктегі анонимдік феноменін атап өткен жөн. Ғаламтор адамдарға жасырын атпен әрекет ету мүмкіндігін берді – бұл бір жағынан пікір білдіру еркіндігін кеңейтсе, екінші жағынан жауапсыздықты күшейтті. Көзіне тіке айтса ұят саналатын немесе заңмен қудаланатын сөздер мен әрекеттерді кейбір адамдар интернетте оңай жасайтыны байқалады. Әлеуметтік желілерде анайы тілмен сөгіп, кибербуллинг жасау, жалған ақпарат тарату сияқты құбылыстар осы анонимдік «қалқанның» астында жиіледі (Eurasianet, 2024). Психологияда мұны деиндивидуация деп атайды – тұлғаның өз атын жасырып, топтың белгісіз мүшесі ретінде әрекет етуі жауапкершілік сезімін төмендетеді.

Витгенштейндік талдау тұрғысынан алғанда, интернеттегі кейбір жаңа «тілдік ойындар» дәстүрлі этикалық нормалардан алшақтап, агрессия мен жалғандықты қалыпты ететін ережелерді орнықтыруда. Дегенмен, қоғам ішінен бұл жағымсыз тенденцияға қарсы тетіктер де шығып жатыр: көптеген платформалар қауымдастық модерациясы әдістерін енгізіп, пайдаланушылардың өзіндік этикалық кодекстерін қалыптастыруға ұмтылып отыр (мәселен, Reddit сайтындағы карма жүйесі, Facebook пен Instagram-дағы мазмұн стандарттары). Яғни, цифрлық қоғамда да бейберекет еркіндікке шектеу қоятын институциялық тетіктер іздестірілуде, бұл – ортақ жауапкершілікті қайта бөлудің бір көрінісі. Екіншіден, жасанды интеллектіні (ЖИ) кеңінен қолдану еркіндік пен жауапкершілік ұғымдарын жаңаша қарастыруды талап етті. Софтвер алгоритмдері күрделі шешімдер қабылдап, автономды жүйелер пайда болғанда, қателік немесе зиян жағдайында жауапкершілікті кім көтеруі керек деген сұрақ туындайды. Мысалы, автономды жүретін автомобиль адам өміріне зиян келтірсе, кінәлі кім – көліктің иесі ме, бағдарламаны жазған инженер ме, әлде автопилоттың өндіруші компаниясы ма? Қазірдің өзінде көптеген елдердің заңнамасы ЖИ шешімдері үшін жауапкершілікті сол жүйені жасаушы адамға жүктеу принципін ұстанады.

Философ Джон Сёрл өзінің атақты «қытай бөлмесі» ой-тәжірибесі арқылы бұған негіз де береді: компьютер қаншалықты ақылды әрекет еткенімен, ол тек символдарды алдын-ала жазылған ережелер бойынша өңдейді, яғни шынайы түсінікке ие емес (Searle, 1980). Осы уәжге сүйенсек, жасанды жүйелер моральдық агент болып санала алмайды, демек жауапкершілік әрдайым ақырында адамға жүктелуі тиіс (Searle, 1980). Сёрлдің бұл пікірі қазіргі ЖИ этикасын қалыптастыруда ескеріліп отыр – заңдық тұрғыда робот немесе алгоритм «құрал» ғана деп танылып, оның іс-әрекеті үшін адам жауап береді. Дегенмен, философиялық принциптерді шынайы өмірде қолдану әрдайым оңай емес. ЖИ шешімдерінің күрделілігі артқан сайын, олардың жұмысының себеп-салдарын адам үшін түсіну қиындай түсуде. Мысалы, үлкен нейрондық желілерге негізделген алгоритмдердің «қара жәшік» проблемасы белгілі: олар қандай өлшем бойынша шешім қабылдайтынын көбіне мамандардың өздері де толық түсіндіріп бере алмайды. Бұл жағдайда, этикалық тұрғыда барлық жауапкершілікті тек адамға артып қою жеткіліксіз болуы мүмкін. Практикада біз бұны көріп те отырмыз: әлеуметтік желілердегі жаңалықтарды іріктейтін алгоритмдер миллиондаған адамның қандай ақпарат алатынын анықтайды, бірақ сол алгоритмнің ішкі жұмысын көпшілігіміз білмейміз. Ал оның салдары – жалған ақпараттың тез таралуы, қоғам пікірінің поляризациясы сияқты құбылыстар – өте нақты және ауқымды. Сондықтан зерттеушілер “алгоритмдік жауапкершілік” деген ұғымды енгізіп, шешім қабылдайтын автоматтандырылған жүйелердің түсіндірілуін,

ашықтығын талап етуде. Мұнда жауапкершілікті жаңа деңгейде – ұжымдық және институционалдық деңгейде қарастыру қажеттігі туындайды: ЖИ әзірлеушілер, оны пайдаланатын компаниялар мен реттеуші органдар арасында жауапкершілікті үйлестіретін этикалық және құқықтық нормалар керек. Қорыта айтқанда, сананың цифрлық трансформациясы еркіндік пен жауапкершілік парадигмасын да кеңейтті: енді жеке адаммен қатар, желілік қоғамның әрбір мүшесі, әрбір алгоритм жасаушысы ортақ моральдық кеңістіктің субъектісіне айналып отыр.

Цифрлық орта және моральдық құндылықтардың эволюциясы. Интернет дәуірінде адам санасына әсер ететін ерекше фактор – ақпараттық кеңістіктің сипаты. Цифрлық коммуникация эмпатия мен этика сезімдерін бірде әлсіретіп, бірде күшейтіп, түрлендіруде. Бір жағынан, онлайн қарым-қатынас адамның бетпе-бет байланыстағы сезіну қабілетін төмендетуі мүмкін. Экранның ар жағындағы әңгімелесушінің шынайы эмоциясын толық аңғару қиын, жазылған сөздердің тек семантикасы бар да, интонация, ым сияқты қосымша мағына белгілері жоқ. Осыдан кейде адамдар интернетте біреуге ауыр сөз айтқанда, оның тигізер залалын жете сезінбеуі ықтимал. Соңғы жылдары әлеуметтік желілерде «троллинг» деп аталатын әдейі арандату, қорлау әрекеттері кең етек алды – мұны кейбір тұлғалар ойын-сауық не билікке қарсылықтың жолы деп санайды. Әрине, қоғам бұған төзімділік танытпай, кибербуллингті қылмыс деп тану, реттеу шараларын енгізуде, бірақ құбылыстың өзі адам санасындағы моральдық тежегіштердің әлсіреуін көрсетеді. Екінші жағынан, интернет жаһандық масштабта жанашырлық пен ынтымақтастықтың жаңа үлгілерін де туындатты. Бұрын әлемнің басқа бұрышындағы бейтаныс адамдардың қуаныш-қайғысы бізге беймәлім болса, қазір әлеуметтік желілер мен жаңалықтар легі арқылы түрлі оқиғаларды дереу біліп, реакция білдіре аламыз. Мысалы, табиғи апаттан зардап шеккендерге бүкіл әлемнен онлайн қайырымдылық жиналып, қолдау көрсетіліп жүр – бұл цифрлық жанашырлық феноменінің бір көрінісі. Сананың цифрлық трансформациясы адамдарды жаңа этикалық дилеммаларға да бетпе-бет әкелді: «фейк жаңалықты таратуға бола ма?», «интернетте бөгде біреуге орынсыз сөз айту қаншалықты этикаға сай?» деген сияқты сұрақтар төңірегінде қоғам белсенді ойлануда. Жауап іздеу барысында жаңа нормалар мен мәдени стандарттар қалыптасып келеді: көптеген платформаларда жалған ақпаратты тексеру (фактчекинг) қызметтері, әдепсіз мінез-құлық үшін қолданушыны бұғаттау ережелері енгізіліп отыр. Қоғамдық сана онлайн кеңістікті де дәстүрлі public space (қоғамдық алаң) деп танып, сондағы тәртіпті сақтау қажеттігін мойындауға үйрене бастады. Бұл – моральдық құндылықтардың кеңеюі: бұрын жеке адам өміріне ғана қатысты деп саналған кейбір қағидалар (мысалы, этикет ережелері) енді виртуалды ортада да маңызды бола бастады.

Цифрлық технологиялар адамның когнитивтік үдерістеріне де айтарлықтай әсер етті. Бүгінгі интернет заманында ақпараттың көлемі адам санасының ежелгі бейімделу мүмкіндіктерінен әлдеқайда асып түсті. Зерттеулерге сәйкес, 2021 жылы әлемде күн сайын шамамен 319 миллиард электронды хат жіберілсе, секунд сайын 6000-ға жуық твит жарияланған екен (EAVI, 2023). Мұндай орасан тасқын адамның зейіні мен ақпаратты өңдеу қабілетіне зор салмақ түсіреді. Көпшілік бір мезетте ондаған хабарлама алып, үздіксіз жаңалық оқып, әлеуметтік желідегі лентаны жылжытуды үйренді – бірақ мұның кесірінен назарды ұзақ уақыт бір нысанға шоғырландыру, терең ой қорыту дағдылары әлсіреуі мүмкін деп алаңдайтын ғалымдар бар. Кейбір зерттеушілер бұл тенденцияны

цифрлық зерденің үстірттенуі деп атап, оған қарсы қозғалыстар (мысалы, digital detox – цифрлық диета) ұсынады (APA Blog, 2018). Алайда, технологиялардан мүлде бас тарту қазіргі қоғамда мүмкін емес және қажет те емес. Керісінше, сананы жаңа ақпараттық ортаға бейімдеу маңызды: ақпарат тасқынын тиімді сұрыптау, жылдам оқып түсінумен қатар, қажет сәтте баяулап, терең ойлану қабілетін сақтап қалу – цифрлық дәуірдің жаңа когнитивтік этикеті болуы тиіс. Ақпараттың көптігімен қатар, цифрлық технологиялар адам еркіндігінің шекараларын кеңейтіп те, тарылтып та жатыр. Бір қарағанда, интернет пен жасанды интеллект адамды көптеген тұрмыстық шектеуден босатып, шығармашылық пен білімге уақыт арттырды. Шынында да, қашан әлемнің барлық кітапханасы қазіргідей қол созым жерде болып еді? Бүгінде қалаған ақпаратты секунд ішінде табу, әлемнің түкпіріндегі адаммен бейнебайланыс орнату – ғажайыптан күнделікті қалыпты жағдайға айналды. Бұл – адамның сана көкжиегін кеңейтетін керемет мүмкіндік, ол еркін ой мен білім тарату ісіне серпін берді. Мысалы, онлайн курстар миллиондаған адамдарға арзан әрі ыңғайлы білім алуға жол ашты, Wikipedia тәрізді жобалар бүкіл планетаны қамтитын энциклопедиялық ортақ ақыл-ой алаңына айналды. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық дәуір ой еркіндігін нығайтты деуге болады. Бірақ басқа қырынан, технология адам еркіндігіне жаңа қатерлер төндіріп отырғаны айқындала түсті. Америкалық зерттеуші Шошана Зубофф «бақылау капитализмі» деп атаған құбылыс – ірі корпорациялардың біздің барлық цифрлық ізімізді жинап, мінез-құлқымызды болжау және басқару жолдарын табуы – қазіргі таңда жиі талқыланып отыр. Біз байқамай жүргенде смартфон мен компьютерде жасаған әр әрекетіміз (қиындықсыздық үшін қалдырған жеке деректеріміз) коммерциялық және саяси мақсатта пайдаланылып жатқаны анықталды. Мысал ретінде, 2010 жылдардың соңында әшкереленген Cambridge Analytica оқиғасын атауға болады: бұл компания әлеуметтік желідегі миллиондаған пайдаланушының деректерін олардың рұқсатынсыз жинап, талдау арқылы әрқайсысына жеке бейімделген саяси жарнамалар көрсеткен, соның нәтижесінде сайлаушылардың шешіміне ықпал етуге тырысқан. Мұны жеке адамның еркін таңдауына жасалған астыртын қиянат деп бағалауға болады, өйткені адамдар өз көзқарасын дербес қалыптастырып жатырмын деп ойлағанмен, шын мәнінде алгоритмдердің көрінбес ықпалына ұшыраған еді. Бұл оқиға цифрлық ортада автономияға қол сұғу жаңа деңгейге шыққанын көрсетті және мұндай технологиялық манипуляцияларға қарсы қоғамның қорғаныс тетіктері әлсіз болып отырғанын айғақтады.

Жасанды интеллектінің күнделікті өмірге енуі де адамның таңдау еркіндігін біртіндеп шектеуі мүмкін деген пікірлер бар. Мысалы, көптеген адамдар қай жолмен жүруді навигация қосымшаларының айтуымен шешеді, қандай фильм көруді Netflix алгоритмі ұсынады, қай жаңалықты оқу керектігін әлеуметтік желі жаңалықтар таспасындағы рейтингтер анықтайды. Әрине, бұның бәрі қолайлы және уақыт үнемдетеді. Бірақ адамның іздену, тосын таңдау жасау еркіндігі кеми ме? Егер бізге үнемі ұнаған, үйреншікті нәрселер ұсыныла берсе, өзіміз жаңалық ашып, көкжиегімізді кеңейтуге деген құлшыныс төмендемей ме? Кей зерттеушілер бұл құбылысты «сананы болашақтан жасанды шектеу» деп атап жүр, яғни алгоритмдер біздің ой әлемімізге көрінбейтін қабырғалар тұрғызуы мүмкін деп алаңдайды. Бұған қарсы шара ретінде технологиялық компаниялар этика бойынша кеңестер құрып, контент ұсыну алгоритмдерін әртүрлілікке бейімдеу жолдарын іздестіріп жатыр; алайда, түптеп келгенде, адамның сыни ойлау қабілеті мен саналы күш-жігері ғана экраннан берілгеннен тыс дүниені тануға жетелей алмақ.

Адам еркіндігі мен ақпараттық кеңістік мәселесінде философ Джон Сёрлдің әлеуметтік шындық теориясын да ескеру маңызды. Сёрлдің пікірінше, адамдар ұжымдық ниеттестік арқылы белгілі бір нәрселерге мағына жүктегенде, әлеуметтік шындық құбылыстары пайда болады (Searle, 1980). Мысалы, қағазды ақша деп санау – бәріміз келіскендіктен ғана құны бар ұстаным; дәл осылайша ұжым болып келісіп, адамды президент деп жариялаймыз, т.б. Цифрлық қоғамда да осындай келісімдер нәтижесінде қалыптасқан жаңа құндылықтар көп. Мәселен, биткойн сияқты криптовалюталар – физикалық еш негізі жоқ, тек цифрлық жазбалар, бірақ миллиондаған адамның сенімі мен ортақ келісімі арқасында шынайы құнға ие активке айналды. Сол сияқты, әлеуметтік желідегі «лайк» пен «фоллоуер саны» (парақшаға жазылу) да шартты құндылық өлшемдері: олардың тікелей материалдық әсері жоқ, бірақ қоғамдық бедел мен абыройды белгілейді. Егер ертең адамдардың бәрі Instagram мен TikTok-тағы лайктарға көңіл бөлмей кетсе, олардың «құны» жойылады – яғни, мән-мағынасы тек ортақ санамызда. Бұл тұрғыда, цифрлық технологиялар жаңа әлеуметтік мағыналар мен келісімдер жасауға мүмкіндік беріп отыр, әрі бұл процесс үдемелі жүріп жатыр. Алайда, жаңа келісімдердің әділдігі мен демократиялылығы – үлкен сұрақ. Қазіргі ірі әлеуметтік платформалардың (Facebook, YouTube, Twitter, т.б.) иелігі санаулы жеке корпорациялардың қолында, яғни цифрлық қоғамдық кеңістіктің ережелерін негізінен солар қояды.

Ноам Хомский өткен ғасырда бұқаралық ақпарат құралдарының қоғам пікірін қалыптастырудағы рөлін сынап, оны «келісім өндіру» моделі деп атаған еді (Chomsky, 1988). Дәстүрлі медиада бірнеше медиамагнат ақпарат ағымын бақылайтын; бүгінгі күні де сол ұқсас жағдай цифрлық платформа деңгейінде қайталануы мүмкін – егер интернеттегі дискурстың шектен тыс билігі жеке компаниялардың қолына шоғырланса, қоғамға пайдалы әртүрлі пікір алаңы тарылуы ықтимал (EAVI, 2023). Сондықтан цифрлық дәуірдегі еркіндік тек технологиялық мәселе емес, әлеуметтік-саяси мәселе ретінде де қарастырылып отыр: бір жағынан сөз бостандығын, ақпарат тарату еркіндігін қамтамасыз ету керек, екінші жағынан жалған ақпарат пен өшпенділік тіліне шектеу қою қажет – осы қарама-қайшы мүдделердің тепе-теңдігін табу – қоғам санасының жаңа сынағы. Жасанды интеллектінің қарқынды дамуымен туындайтын тағы бір түйткіл – шындық пен жалғанның арасалмағының бұзылуы. Соңғы жылдары deepfake деп аталатын технологиялар пайда болып, кез келген адамның бейнесін және дауысын айнытпай жасай алатын мүмкіндіктер көрсетілді. 2023 жылы философ Д. Деннетт мұндай жағдайға қатты алаңдап, «контрафакт адам» ұғымын енгізді (The Atlantic, 2023). Ол шынайы тұлғаға айнытпай ұқсайтын, бірақ цифрлық әдіспен жасалған жалған образдарды «адамсымақ» деп атап, олар қоғамдағы сенімге орасан зиян келтіруі мүмкін екенін айтты (Dennett, 2023). Егер біз экрандағы не желідегі сұхбаттасушымыздың адам немесе жасанды модель екенін ажырата алмасақ, қоғамдық келісімнің негізі – өзара сенім – бұзылады, деп жазады Деннетт. Мұны ол жалған ақша жасаумен салыстырады: қаржы жүйесі сенімге негізделген, жалған ақша оны құлдыратса, жалған адамдар коммуникация жүйесін құртады (Dennett, 2023). Деннетттің бұл ескертпесі цифрлық технологиялардың ретсіз дамуы қауіпті екенін көрсетіп, белгілі бір этикалық шектеулерді заңмен енгізу қажеттігін алға тартады. Мысалы, deepfake аватарларын нақты адам ретінде жалған таныстыруға тыйым салу, желіде контенттің түпнұсқалығын тексеруді міндеттеу сияқты қадамдар айтылуда. Қазіргі кезде бұл мәселе енді туындап келе жатқанына қарамастан,

алдын ала әрекет етпесе кеш болуы мүмкін деген ой айтылады (Dennett, 2023). Жалпы алғанда, цифрлық технологиялар адам санасының эволюциясына қос әсерін тигізуде. Бір жағынан, компьютерлер мен смартфондар біздің таным көкжиегімізді кеңейтіп, бұрын мүмкін емес әрекеттерді жүзеге асыруға жағдай жасады – бұл сананың кеңеюі деп аталған құбылысты растайды. Екінші жағынан, сол сананың өзіндік автономиясы мен тұтастығы жаңа сынға ұшырады: ақпарат тасқыны, алгоритмдік басқару, виртуалды симуляциялар адамның еркіндігінің шекарасын қайта анықтап жатыр. Моральдық жауапкершілік те көпдеңгейлі сипат алды: енді жеке адам ғана емес, желідегі әрбір қатысушы, технологияны жасаушы мен реттеуші де ортақ кеңістіктің әдептік ахуалына ықпал етеді. Осы орайда, цифрлық дәуірде саналы таңдау мен еркіндікті сақтап қалу үшін тек заң мен техникалық қауіпсіздік шаралары жеткіліксіз – әрбір азаматтың цифрлық сауаты, этикалық ұстанымы жоғары болуы қажет.

Таблица 1

Көрсеткіш	Дәстүрлі қоғам (цифрландыруға дейін)	Цифрлық қоғам (қазіргі заман)
Сана ұғымы	Ішкі психикалық үрдіс, көбінесе рухани деңгей	Кеңейтілген сана, сыртқы құрылғылармен байланыста
Ақпаратты қабылдау	Кітап, БАҚ арқылы шектеулі, баяу	Интернет арқылы шексіз, жылдам
Коммуникация әдісі	Бетпе-бет, вербалды	Онлайн, жазбаша, мультимедиялық
